№7 (20 924)
19 ақпан,
2026 жыл, бейсенбі

Atr.kz gazeti

# Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

Atyrau.gazeti
atyrau_gazeti@mail.ru
Атырау газеті
www.atr.kz
«Атырау» газеті
atyrau_gazeti
Atyrau_news
Атырау жаңалықтары

*Шағын және орта бизнес*

## Кәсіпкерлер қолдау күтеді



БҮГІНДЕ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМЫТУ ҮШІН МЕМЛЕКЕТ ТҮРЛІ БАҒДАРЛАМАЛАР МЕН ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА. БЫЛТЫР КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР АЯСЫНДА ЖАЛПЫ СОМАСЫ 64,1 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕ ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛГЕН. ОСЫ РЕТТЕ БИЗНЕС САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАП, КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҰСЫНЫС-ПІКІРІН ТЫҢДАУ ЖӘНЕ АШЫҚ ДИАЛОГ ОРНАТУ АЙРЫҚША МАҢЫЗҒА ИЕ. СОЛ МАҚСАТТА ОБЛЫС ӘКІМІ СЕРІК ШӘПКЕНОВ ОБЛЫСТЫҢ БИЗНЕС ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ӨКІЛДЕРІМЕН ДӘСТҮРЛІ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ.

(Тақырып 2-бетте)




**«РЕФЕРЕНДУМ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН КҮН ТУРАЛЫ»**

2026 жылдың 15 наурызында Республикалық референдум өтеді.

Референдумға қатысу құқығына 18 жасқа толған Республика азаматтары ие болады. Референдум ерікті қатысу, еркін ерік білдіру, сондай-ақ азаматтардың жалпыға бірдей, тең, тікелей және жасырын дауыс беру қағидаттарына сай өтеді. Референдумда **«Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?»** деген сауал қойылады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

**Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы**

*Кірістер департаменті*

## Ескі көліктің салығы аз

БҮГІНДЕ АТЫРАУДА 4 МЫҢНАН АСТАМ АДАМНЫҢ КӨЛІК САЛЫҒЫ БОЙЫНША БЕРЕШЕГІ БАР. ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР КӨЛІК САЛЫҒЫН ЖЫЛ САЙЫН ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІ БОЙЫНША 1 СӘУІРГЕ ДЕЙІН ТӨЛЕУІ ТИІС. АЛ МҮЛІК САЛЫҒЫ 1 ҚАЗАНҒА ДЕЙІН ТӨЛЕНЕДІ. ӨТКЕН ЖЫЛ ҮШІН ЕСЕПТЕЛГЕН МҮЛІК САЛЫҒЫН ТӨЛЕУ МЕРЗІМІ – 2026 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАЗАНЫНА ДЕЙІН. АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ БИСЕН ЮСУБАЛИЕВ ОСЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖАҢАЛЫҚТАРДЫ АЙТТЫ.

– Салықты уақытында төлеу – әр адамның міндеті. Қазір көлік салығы бойынша 4 246 жеке тұлғаның 321 млн. теңге берешегі бар. Оның 226 млн. теңгесі – негізгі қарыз, 95 млн. теңгесі – кешіктіргені үшін қосылған ақша. Ал мүлік салығы бойынша 10 415 адамның 50 млн. теңге берешегі қалыптасып отыр,-деді Б.Юсубалиев.

Оның сөзінше, салық уақытында төленбеген жағдайда алдымен хабарлама жіберіледі. Егер берешек өтелмесе, салық бұйрығы шығарылып, іс жеке сот орындаушыларына жолданады. Кейін мәжбүрлі түрде өндіріп алу шаралары қолданылады.

Сондай-ақ Бисен Юсубалиев биылдан бастап күшіне енетін өзгерістер бойынша да сөз етті.

– Енді көлік ескі болған сайын салық азаяды. Егер жеңіл көлік 10 жылдан асқан болса, салық 30 пайызға төмендетіліп есептеледі. Ал 20 жылдан асқан көліктер үшін салық екі есе азаяды. Сонымен қатар шаруа қожалықтары бір пикап көлігі үшін енді салық төлемейді, - деді ол.

Бұдан бөлек қымбат мүлкі бар азаматтарға қатысты жаңа тәртіп енгізілді. Егер бір адамның барлық үйі, ғимараты және басқа да мүлкінің жалпы құны 450 млн. теңгеден асса, осы сомадан асқан бөлігіне 2 пайыз қосымша салық салынады. Яғни мүлік неғұрлым қымбат болса, төленетін салық та соғұрлым жоғары болады.

**Бек АЙДАРӘЛИ**



*Көгалдандыру*

## Баптаса, бәрі шығады бізде

КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ОБЛЫС ӘКІМДІГІ МЕН ӨҢІРДЕГІ ІРІ МҰНАЙ-ГАЗ КӘСІПОРЫНДАРЫ АРАСЫНДА ЖАСАЛҒАН КЕЛІСІМШАРТ АЯСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ.

Бұл меморандум 2021 жылы қабылданған. Содан бері жасыл желек көлемін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Қазір отырғызылған көшеттердің сақталу деңгейі 70-80 пайызды құрайды.

2021 жылдан бастап жобаға төрт ірі кәсіпорын тартылып, 5-10 жыл мерзімге ағаш отырғызу және оларды тұрақты күтіп-баптау міндеттемесі бекітілген. Осы уақыт аралығында 300-ден астам гектар аумаққа 331 мың түп ағаш көшеті егілді. Көгалдандыру шаралары Мақат, Жылыой, Исатай және Қызылқоға аудандарында да жүргізілді.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Зарина Тұрбаева 2026 жылы көгалдандыру жұмыстарын жалғастыру үшін жаңа компаниялармен меморандум жасалатынын баяндады.

Жүзеге асырылып жатқан жобалар өңірдің экологиялық ахуалын жақсартуға және тұрақты дамуына бағытталған.

**Өз тілшіміз**

*Спорт*

МИХАИЛ ШАЙДОРОВ ТАРИХИ ЖЕҢІСІНЕН КЕЙІН ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕ ҮЗДІК ҮШТІККЕ ЕНДІ.

Мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдоров қысқы Олимпиада ойындарында алтын медаль иеленгеннен кейін Халықаралық коньки тебу одағының (ISU) рейтингінде үздік үштікке енді.

Рейтингте 5 410 ұпаймен америкалық мәнерлеп сырғанаушы Илья Малинин көш бастап тұр. Екінші орынға 5 096 ұпаймен жапондық мәнерлеп сырғанаушы Юма Кагияма жайғасқан. Ал үшінші орынға табан тіреген отандасымыз Михаил Шайдоровтың еншісінде 4 961 ұпай бар.

Милandaғы қысқа бағдарламадан кейін Шайдоров шартты түрде бесінші орында болды. Еркін сырғанау бағдарламасында қажетті төрт секірудің орнына бес рет секіріп, барлығы 291,58 ұпай жинап, бірінші орынды иеленді. Юма Кагияма күміс, ал оның отандасы Шун Сато қола медаль жеңіп алды.

Қазақстан Республикасының Президенті Олимпиада чемпионы Михаил Шайдоровты II дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттады.

**Өз тілшіміз**



рді.
зет,
лалар-
найы
і елең
гның
жым-
ратын
нтік-

көрді.

ткарды.
гарында
ын орда»
ң бірінші
не келіп,
екторы-
зметіне

қылдың
Атырау
газетінің
болып
Осынау
деніске
ін берді.
барлық
мтитын
лді елең
ің ішкі
үндесіп
уметтік-
амалық

нында
кемедей
ізденіс
жыған
ы 2020
бастап
шылған
йшық»
нымдық
лаушы,
зметін
жылдар
ткерлік
дейін
ШС бас
ы болып

Т.Амандосовка берген он жеті жастағы студент бозбала Исатай Құндызбайұлының нақты жауабы.

Ол өзінен үміт күткен ұстазын жерге қаратқан жоқ, айтқан уәдесінде тұрды. Мұнайшылар өмірі, өңірдегі газ-химия кешені өндірісін дамытудың жай-жапсары, экологияны сауықтыру мақсатында жыл сайын «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорны ұйымдастыратын журналистер арасындағы байқауда топ жарып, бірнеше мәрте жеңімпаз атанды. Мұнай тербелмелері арасында, мұнайшы отбасында мұнай иісін сезініп өскен журналиске мұнай тақырыбын қопара қазып жазу онша қиынға түскен жоқ. Басың қататын экономикалық цифрлық көрсеткіштерді де орын-орнымен пайдаланып, өндіріс орындарынан жазған сараптамалық мақалаларын зергер соққан бұйымдай жұтындырып қойды. Әрі ұғынықты, тілі шұрайлы, оқуға да жеңіл. Ол өзінің «Жазушының жан сыры» атты кітабының «Мұнайлы өлке мұңаймайды» деп аталатын тұтастай бір бөлімін мұнай тақырыбына арнады.

Олардан басқа Каспийдің бағалы байлығы – бекіренің қорын көбейту, жастардың тұрғын үйге мұқтаждығы, қазақ ауылының шынайы ахуалы, олардағы әлеуметтік проблемалар туралы сараптамалық мақалалары кезінде қоғамның назарын өзіне аударды.

Ол өзінің өмір жолында жолыққан рухы биік жақсы адамдары, шығармашылығына бағыт берген санасы сәулелі редакторлары, қоғам қайраткерлерімен бірге жүрген сәттер туралы жазылған көңіл түкпірінде қалған естеліктері де тұңғиық бір терең ойға жетелегендей.

**ығармашылық өмір күшінің ең**
**на дейін сорып алатын аяусыз**
**сезіміміз бен кез-келген оқиғаны**
**қабілетімізді тұрақты түрде**
**әрдемдесетін мұндай керемет**
**керден таба алмаймыз...» деген**
**ы, Нобель сыйлығының лауреаты**
**аркес. Ендеше, сол жаттығу**
**анша!..**

**Нұрым ЕРҒАЛИЕВ,**
**Қазақстанның Құрметті журналисі**

---

**тыңдауға қатысуға шақырады.**

Күні мен уақыты: 2026 жылғы 1 сәуір, сағат 10:00

Өткізілетін орны: Атырау облысы, Атырау қ.ә., Дамбы а.о., Дамбы ауылы, Мардан Арыстанов көшесі, 30. Мәдениет үйі.

Алаңның географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 46°27'12.4», 52°14'26».

Қоғамдық тыңдауға ZOOM платформасында төмендегі сілтеме бойынша онлайн қосылуға болады:

https://zoom.us/j/99039468437?pwd=XsuqbXlFlDXrdEbl CHlkoVSuTs7fo0.1

Конференция идентификаторы: 990 3946 8437

Кіру коды: 870423

Бастамашы: НКОК Н.В. (Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.), БСН 000241000874, филиал: Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 8-үй, тел.: +7 (7122) 92 27 03

Әзірлеуші: «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС, Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 40, тел.: +7(7212) 42 56 17, +7 (7212) 90 46 18, +7 700 484 7790.

Эл. адрес: info@ecoexpert.kz

Жобалық құжаттама https://ndbecology.gov.kz сайтында жарияланған.

Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертпелер мен ұсыныстарды Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына (Атырау қ., Әйтеке би к., 77, atr_priroda@mail.ru, atr.priroda@atyrau.gov.kz) және Атырау облысы бойынша экология департаментіне (Атырау қ., Құлманов көшесі, 137, atyrau-ecodep@ecogeo.gov.kz) жолдауға болады.

ЖАО сайтына сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru

Қосымша ақпаратты Zhanat.Kozhan@ncoc.kz эл. адресі мен +7 (7122) 92 27 03 телефон нөмірі бойынша байланысып алуға болады.

---

ҚР Экология кодексінің (96-бабы) талаптарына сәйкес 2026 жылғы 7 сәуір сағат 10.30-де «АЛИЕВ М.И.» ЖК көздерінен атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің (түзету) жобасы» тақырыбы бойынша қоғамдық тыңдау өтеді.

Учаскенің географиялық координаты: 47°12'18.45», 51°98'90.02».

Өтетін орны: Атырау облысы, Атырау қ, Г.Абдрахманов к-сі 18, «Диас» мейрамханасының конференц-залы.

Қоғамдық тыңдауға ZOOM платформасында төмендегі сілтеме бойынша онлайн қосылуға болады: https://us05web.zoom.us/j/88468087541?pwd=vpcu8luwNQCvPNoYuhE66wRocKWsae.1

Конференцияның идентификаторы: 884 6808 7541, кіру коды: 123456.

Бастамашы: «АЛИЕВ М.И.» АҚ, БСН: 500910301515, Атырау қ., М.Қазрет к-сі 1 құрылым, тел. 87758818888, brickatyrau@mail.ru.

Әзірлеуші: «Eco-Mir» ЖК, БСН: 820101300684, Атырау қ., С.Өтебаев к-сі 28, тел: 87016162299, ecomir7@mail.ru.

Жобалық құжаттама https://ndbecology.gov.kz сайтында жарияланған.

Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертпелер мен ұсыныстарды Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына жолдауға болады (Атырау қ,, Әйтеке би к., 77): ekspertizyupr@mail.ru, atr.priroda@atyrau.gov.kz.

ЖАО сайтына сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=kk.

Қосымша ақпаратты ecomir7@mail.ru эл. адресі мен 87016162299 телефон нөмірі бойынша байланысып алуға болады.